

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РМК Атырау облысы бойынша филиалы



**АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ҚОРШАҒАН
ОРТАЖАЙ-КҮЙІ
ЖӨНІНДЕГІ
АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ**

Маусым 2026 жыл

Атырау қ, 2026 ж

	МАЗМҰНЫ	Бет.
	Алғы сөз	3
1	Атмосфералық ауаның ластануының негізгі көздері	4
2	Атырау қаласы атмосфералық ауаның ластану жай-күйі	4
3	Атмосфералық жауын-шашын сапасының жай-күйі	10
4	Жер үсті суларының сапасының жай-күйі	11
5	Радиациялық жағдай	14
	Қосымша 1	15
	Қосымша 2	17
	Қосымша 3	20
	Қосымша 4	22

Алғы сөз

Ақпараттық бюллетень Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылаужелісінде қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу бойынша "Қазгидромет" РМК мамандандырылған бөлімшелері орындайтын жұмыстардың нәтижелері бойынша дайындалған.

Бюллетень мемлекеттік органдарды, жұртшылықты және халықты Атырау облысы аумағындағы қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпараттандыруға арналған және ластану деңгейінде болып жатқан өзгерістер үрдісін ескере отырып, ҚР Қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралардың тиімділігін одан әрі бағалау үшін қажет.

Атырау қаласының атмосфералық ауа сапасын бағалау

1. Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері

Атырау облысы экология департаментінің хабарлауынша, Атырау қаласындағы ластанудың негізгі көздері мұнай өңдеу, тасымалдау объектілері болып табылады: "Атырау мұнай өңдеу зауыты", "Теңізшевройл" ЖШС, «НОРТ КАСПИАН ОПЕРЕЙТИНГ КОМПАНИ Н.В.» компаниясы (НКОК), АО Атырау "ЖЫЛУЭЛЕКТРОТАЛЫҒЫ", АО "Ембімұнайгаз", ТОО "WEST DALA" "ВЕСТ ДАЛА" Бұдан басқа, қалада қаланың жел соғатын екі жағында орналасқан өндірістік төгінділерді жинақтаушы екі тоған бар (солтүстік-батыс жағы - "квадратный" жинақтаушы тоғаны және шығыс жағы - "Тухлая балка"). Жинақтағышқа барлық қалалық төгінділер іс жүзінде тазартусыз жүзеге асырылады, нәтижесінде күкіртсутектің негізгі көзі – жинақтағыш қалыптасады, онда органикалық заттардың, оның ішінде мұнай өнімдерінің ыдырау процестері жүреді.

Атырау облысында бірінші санаттағы 74 кәсіпорын бар.

Атырау қаласы, Құлсары қаласы және Мақат ауданы табиғи газбен толық қамтамасыз етілген.

"ҚазТрансГазАймақ" АҚ АӨФ деректеріне сәйкес Атырау қаласы бойынша автономды қазандықтар – 80 030 бірлік, Мақат ауданы бойынша – 1783 бірлік.

2. Атырау облысы бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі.

Атырау облысының атмосфералық ауа сапасының мониторингі.

Атырау қаласы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 15 бақылау бекетінде, оның ішінде 2 бекетте сынаманы қолмен күшімен алу және 13 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша Атмосфералық ауа мониторингі 19 көрсеткіш бойынша жүргізіледі: 1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) РМ-2,5 қалқыма бөлшектер; 3) РМ-10 қалқыма бөлшектер; 4) күкірт диоксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) азот диоксиді; 7) азот оксиді; 8) аммиак; 9) күкірт сутегі; 10) озон; 11) фенол; 12) формальдегид; 13) бензол; 14) толуол; 15) этилбензол; 16) ортоксилол; 17) метан; 18) көмірсутек ($C_{12}-C_{19}$), 19) Ұшпа органикалық қосылыстар (ҰОҚ).

2026 жылғы маусым Атырау облысы бойынша атмосфералық ауа сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелері.

Атырау қаласының атмосфералық ауаның ластану деңгейі «көтеріңкі», стандарттық индекс $СИ=4,4$ (көтеріңкі деңгей) азот диоксиді бойынша №17 бекет аумағында $ЕЖҚ=6\%$ (көтеріңкі деңгей) қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша №5 бекет аумағында бағаланды.

Құлсары қаласының атмосфералық ауаның ластануы «төмен», стандарттық индексі $СИ=0,7$ (төмен деңгей) күкірт диоксиді бойынша №19 бекет аумағында, ең жоғары қайталануы $ЕЖҚ=0\%$ (төмен деңгей) болып бағаланды.

Мақат кентінің атмосфералық ауаның ластану деңгейі «төмен», стандарттық индекс $СИ=1,0$ (төмен деңгей), ең жоғары қайталануы $ЕЖҚ=0\%$ (төмен деңгей)

болып бағаланды.

Индербор кентінің атмосфералық ауаның ластану деңгейі «көтеріңкі», стандарттық индекс **СИ**=1,8 (төмен деңгей) ең жоғары қайталануы **ЕЖҚ**=1% (көтеріңкі деңгей) болып бағаланды.

Жанбай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі «көтеріңкі», стандарттық индекс **СИ**=2,5 (көтеріңкі деңгей), ең жоғары қайталануы **ЕЖҚ**=4,0% (көтеріңкі деңгей).

Ганюшкино кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі «көтеріңкі», стандарттық индекс **СИ**=4,0 (көтеріңкі деңгей), ең жоғары қайталануы **ЕЖҚ**=8% (көтеріңкі деңгей).

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асу еселігі және максималды жоғары жағдайлары 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте

Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Максималды-бірлік шоғыры		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м3	ШЖШ о.т. асу еселігі	мг/м3	ШЖШ м.б. асу еселігі	%	> ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
Атырау қаласы								
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,06	0,42	0,7	1,4	6,4	8		
PM-2,5 қалқыма бөлшектері	0,0220	0,63	0,1646	1,0	0,0	1		
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,0242	0,40	0,1566	0,5				
Күкірт диоксиді	0,010	0,20	0,4352	0,9				
Көміртегі оксиді	0,10	0,03	4,02	0,8				
Азот диоксиді	0,02	0,49	0,89	4,4	6,1	132		
Азот оксиді	0,0126	0,21	0,14	0,3				
Озон (жербеті)	0,0475	1,58	0,1970	1,2	2,5	58		
Күкіртті сутегі	0,0006		0,0054	0,7				
Фенол	0,002	0,66	0,004	0,4				
Аммиак	0,010	0,25	0,0100	0,1				
Формальдегид	0,002	0,19	0,004	0,1				
Бензол	0,000	0,00	0,000	0,0				
Толуол	0,000		0,000	0,0				
Этилбензол	0,000	0,00	0,000	0,0				
Ортоксилол (C2H6)	0,000		0,000	0,0				

Құлсары қаласы								
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,0000	0,00	0,0000	0,000				
Күкірт диоксиді	0,0020	0,04	0,3269	0,654				
Көміртегі оксиді	0,0989	0,03	0,5864	0,117				
Азот диоксиді	0,0003	0,01	0,0044	0,022				
Азот оксиді	0,0013	0,02	0,0015	0,004				
Күкірттісутегі	0,0004		0,0022	0,28				
Мақат кенті								
Күкірт диоксиді	0,0011	0,02	0,0633	0,1				
Көміртегі оксиді	0,1931	0,06	1,1633	0,2				
Азот диоксиді	0,1082	2,70	0,1985	1,0				
Индербор кенті								
Күкірт диоксиді	0,0053	0,11	0,1436	0,3				
Көміртегі оксиді	0,0066	0,00	0,6066	0,1				
Азот диоксиді	0,0795	1,99	0,3661	1,8	1,5	32		
Күкірттісутегі	0,0010		0,0010	0,1				
Жанбай кенті								
Күкірт диоксиді	0,0025	0,05	0,2140	0,4				
Көміртегі оксиді	0,3163	0,11	0,7425	0,1				
Азот диоксиді	0,1930	4,82	0,3021	1,51	4,0	87		
Күкірттісутегі	0,0010		0,0197	2,5	0,2	5		
Ганюшкино кенті								
Күкірт диоксиді	0,1482	2,96	0,4569	0,9				
Көміртегі оксиді	0,0019	0,00	0,4681	0,1				
Азот диоксиді	0,1435	3,59	0,3399	1,7	7,8	169		
Күкірттісутегі	0,0022		0,0322	4,0	6,3	137		

Ауаның жоғары және өте жоғары ластану жағдайлары (ЖЛ) (ЭЖЛ):
Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

2026 жылдың маусым айымен 2025 жылдың маусым айын салыстырғанда Атырау облысындағы атмосфералық ауа ластану деңгейі:

- Атырау қаласы—өте жоғары деңгейден көтеріңкі деңгейге дейін төмендеді;
- Құлсары қаласы – жоғары деңгейден төмен деңгейге дейін төмендеді;
- Ганюшкино, Жанбай кенттері – жоғары деңгейден көтеріңкі деңгейге дейін төмендеді;
- Мақат, Индербор кенттері – өзгеріссіз (2-кесте).

Атырау облысының ауа ластануы деңгейінің динамикасы (2025–2026 жж.)

Елді-мекен	Ластану деңгейі		Негізгі ластаушы заттар – ШРШм.б.-дан асу еселігі
	маусым 2025 ж.	маусым 2026 ж.	
Атырау қаласы	өте жоғары СИ – 19,7 ЕЖҚ – 29%	Көтеріңкі СИ – 4,4 ЕЖҚ – 6%	азот диоксиді (4,4 ШЖШм.б.), қалқыма бөлшектер (шаң) (1,4 ШЖШм.б.), озон (1,2 ШЖШм.б.), қалқыма бөлшектер РМ-2,5 (1,0 ШЖШм.б.)
Құлсары қаласы	жоғары СИ=6,7 ЕЖҚ =6,0%	төмен СИ=0,7 ЕЖҚ =0%	
Мақат кенті	төмен СИ 0,6 ЕЖҚ =0%	төмен СИ=1,0 ЕЖҚ =0%	
Индербор кенті	көтеріңкі СИ=1,7 ЕЖҚ =3%	көтеріңкі СИ=1,8 ЕЖҚ =1%	азот диоксиді (1,8 ШЖШм.б.)
Жанбай кенті	жоғары СИ=2,4 ЕЖҚ =47	көтеріңкі СИ=2,5 ЕЖҚ =4,0	күкірттісутегі (2,5 ШЖШм.б.), азот диоксиді (1,51 ШЖШм.б.)
Ганюшкино кенті	жоғары СИ=2,3 ЕЖҚ =33%	көтеріңкі СИ=4,0 ЕЖҚ =8%	күкірттісутегі (4,0 ШЖШм.б.), азот диоксиді (1,7 ШЖШм.б.),

Қорытынды:

Соңғы бес жыл ішінде ауаның ластану деңгейі Атырау қаласы бойынша келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, Атырау қаласының маусым айы бойынша соңғы бес жылда, яғни 2023, 2024 және 2026 жылдары аралығында атмосфералық ауаның ластану деңгейі «көтеріңкі» деп бағаланса, 2022 жылы «жоғары», ал 2025 жылы ауаның ластану көрсеткіші – «өте жоғары» деңгейге жетті.

Маусым айында Атырау облысындағы синоптикалық жағдай Оңтүстік Каспийден ылғалды ауа массаларының белсенді келуімен және батыс циклондарының фронтальды бөліктерінің өтуімен сипатталды. Ай бойы ауа райы жағдайлары жоғары қысымды гребеньдер мен төменгі атмосфералық қысымдар алмасуының әсерінен қалыптасты, бұл жауын-шашынның жиі түсуіне және ауа

райының тұрақсыздығына алып келді.

Жауын-шашын кезінде жел күшейіп, кей күндері оның екпіні негізінен оңтүстік-шығыс және солтүстік-батыс бағыттарда 15–19 м/с-қа дейін жетті. Температуралық фон қалыпты жылы болғанымен, суық фронттардың өтуі температураның қысқа мерзімді төмендеуіне болды.


Айдың басында және ортасында 1-6 м/с жылдамдықтағы әлсіз жел күтілді, осыған байланысты Атырау қаласында ауаның ластануы бойынша қолайсыз метеорологиялық жағдайлар күтілді.

Соңғы бес жыл ішінде ауаның ластану деңгейі Құлсары қаласы бойынша келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, Құлсары қаласының маусым айы бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі соңғы бес жылда 2022 жылы «көтеріңкі», 2023, 2025 жылдары «жоғары» деңгейде, ал 2026 жылы ауаның ластану көрсеткіші «төмен» болып бағаланды.

Соңғы бес жыл ішінде ауаның ластану деңгейі Мақат кенті бойынша келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, Мақат ауданы бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі маусым айында атмосфералық ауаның ластану деңгейі 2022 жылдан бастап 2024 жылдары аралығында – «жоғары», ал 2025, 2026 жылдары – «төмен» деп бағаланды.

Соңғы бес жыл ішінде ауаның ластану деңгейі Индербор кенті бойынша келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, Индербор кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі маусым айында атмосфералық ауаның ластану деңгейі 2023 жылды қоспағанда «көтеріңкі» болып бағаланды, ал 2023жылы– «жоғары» деңгейде бағаланды.

Соңғы бес жыл ішінде ауаның ластану деңгейі Жанбай кенті бойынша келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, Жанбай кенті бойынша соңғы бес жылда маусым айында атмосфералық ауаның ластану деңгейі 2026 жылды санамағанда «жоғары» болып бағаланса, ал 2026 жылы «көтеріңкі» деңгейде бағаланды.

Соңғы бес жыл ішінде ауаның ластану деңгейі Ганюшкино кенті бойынша келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, Ганюшкино кенті бойынша соңғы бес жылда маусым айында атмосфералық ауаның ластану деңгейі 2025 жылды қоспағанда «көтеріңкі» деп бағаланды, ал 2025 жылы – «жоғары» деңгейде деп бағаланды.

3. Атмосфералық жауын-шашындардың сапасы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 4 метеостанцияда (Атырау, Ганюшкино, Пешной, Құлсары) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді.

Тұнба сынамаларында сульфаттардың мөлшері – 0,52 %, хлоридтердің – 4,10 %, нитраттардың – 7,72 %, гидрокарбонаттардың – 42,42 %, аммоний азотының – 3,20%, натрийдің – 15,18 %, калийдің – 4,23 %, магнийдің – 6,30 %, кальцийдің – 16,33 % мөлшері басым болды.

3-кестеде жауын-шашындардағы жеке ластаушы заттардың құрамына сипаттама берілген.

Кесте 3

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Көрсеткіштер	Метеостанциядағы ең төменгі концентрация	Метеостанциядағы ең жоғары концентрация
Жалпы минерализация	МС Ганюшкино – 30,16	МС Пешной – 60,99
pH (сутек көрсеткіші)	МС Атырау – 6,0	МС Пешной – 6,7
Электрөткізгіштік, мкСм/см	МС Ганюшкино – 37,60	МС Атырау – 213,0
Аниондар, мг/дм³		
Сульфаттар (SO ₄)	МС Ганюшкино – 0,078	МС Атырау – 0,541
Хлоридтер (Cl)	МС Ганюшкино – 1,31 МС Кульсары – 1,31	МС Атырау – 2,62
Нитраттар (NO ₃)	МС Ганюшкино – 0,64	МС Атырау – 5,39
Гидрокарбонаттар (HCO ₃)	МС Атырау – 7,32	МС Пешной – 29,28
Катиондар, мг/дм³		
Азот аммонийный (NH ₄)	МС Атырау – 0,24	МС Кульсары – 3,66
Натрий (Na)	МС Ганюшкино – 2,64	МС Атырау – 10,41
Калий (K)	МС Ганюшкино – 0,70	МС Атырау – 3,77
Магний (Mg)	МС Пешной – 2,43	МС Кульсары – 3,40
Кальций (Ca)	МС Ганюшкино – 2,2	МС Атырау – 10,77

Ауыр металдар, мкг/дм ³		
Қорғасын (Pb)	МС Атырау – 0,0 МС Ганюшкино -0,0	МС Кульсары– 3,29
Мыс (Cu)	МС Ганюшкино – 1,01	МС Кульсары – 4,92
Күшән (As)	МС Ганюшкин– 0,14	МС Пешной – 0,22
Кадмий (Cd)	МС Ганюшкино – 0,00	МС Кульсары – 0,55

4. Атырау облысы аумағындағы жер үсті сулар сапасының мониторингі

Атырау қаласы бойынша жер үсті суларының сапасын бақылау 6 су объектісінің (Жайық, Қиғаш, Ембі өзендері, Шаронова, Перетаска және Яик арналары) 21 тұстамасында жүргізілді.

Теңіз суы сапасына мониторинг жасау Каспий теңізінің 22 жағалаулық нүктеде жүргізіледі: теңіз кеме жүретін су арнасы (2), Жайық өзені қайраңы (5), Волга өзені қайраңы (5), Шалығи шығанағы аралдары станциялары (5), Жанбай кенті (5).

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының 43 физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: *көзбен шолып бақылау, температура, қалқыма заттар, мөлдірлігі, түсі, сутегі көрсеткіші (pH), еріген оттегі, ОБТ5, ОХТ, құрғақ қалдық, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар мен пестицидтер.*

Атырау облысы аумағындағы гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша жер үсті және теңіз сулары сапасының жай-күйіне мониторинг 28 тұстамада 5 су объектісінде (Жайық, Қиғаш, Ембі өзендері және Шаронова тармағында) жүргізілді. Зерттелетін объектіге судың өткір уыттылығын анықтауға арналған 84 сынама талданды.

Атырау облысының аумағындағы ауыр металдар (*мыс, марганец, мұнай өнімдері, қорғасын, мырыш, кадмий, никель, хром*) бойынша түптік шөгінділер сапасының мониторингі Жайық өзенінің, Яик және Перетаска тармақтарының 10 тұстамасында және Каспий теңізінің 22 нүктесінде жүргізіледі. Мұнай өнімдері мен ауыр металдардың (*мыс, хром, кадмий, никель, марганец, қорғасын және мырыш*) құрамы талданды.

4.1 Атырау облысы аумағындағы жер үсті сулар гидрохимиялық көрсеткіштері бойынша сапасының мониторинг нәтижелері.

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Жерүсті су объектілеріндегі және (немесе) олардың учаскелеріндегі су сапасын сыныптаудың бірыңғай жүйесі» (*ҚР СРИМ 04.06.2025 жылғы № 111-НҚ бұйрығы*) (бұдан әрі - Бірыңғай сыныптау) болып табылады.

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай сыныптау бойынша келесідей бағаланады:

Су объектісінің атауы	Су сапасының сыныбы		Параметрлері	өл. бір.	концентрациясы
	Маусым 2025 ж.	Маусым 2026 ж.			
Жайық өз.	4 сынып (ластанған)	3 сынып (орташа ластанған)	ОБТ5	мг/дм ³	2,24
			Магний	мг/дм ³	22,8
			Мыс	мг/дм ³	0,0011

Перетаска тарм.	4 сынып (ластанған)	3 сынып (орташа ластанған)	ОБТ5	мг/дм ³	2,38
			Магний	мг/дм ³	22,63
			Мыс	мг/дм ³	0,0012
Яик тарм.	3 сынып (орташа ластанған)	3 сынып (орташа ластанған)	ОБТ5	мг/дм ³	2,37
			ОХТ	мг/дм ³	15,3
			Магний	мг/дм ³	20,4
			Мыс	мг/дм ³	0,0012
Қиғаш өз.	4 сынып (ластанған)	3 сынып (орташа ластанған)	ОБТ5	мг/дм ³	2,24
			Магний	мг/дм ³	21,8
			Мыс	мг/дм ³	0,0014
			Мұнай өнімдері	мг/дм ³	0,043
Шаронова тарм.	4 сынып (ластанған)	3 сынып (орташа ластанған)	Мыс	мг/дм ³	0,0012
			Мұнай өнімдері	мг/дм ³	0,076
р.Эмба	4 сынып (орташа ластанған)	3 сынып (орташа ластанған)	ОБТ5	мг/дм ³	2,67
			Магний	мг/дм ³	24,05

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2025 жылдың маусымымен салыстырғанда Жайық, Қиғаш, Ембі өзендері, Перетаска мен Шаронова тармақтарының жер үсті суларының сапасы 4 сыныптан 3 сыныпқа ауысты – жақсарды.

Яик тармағының жер үсті суының сапасы айтарлықтай өзгермеді.

Атырау облысы бойынша су объектілеріндегі негізгі ластаушы заттар ОБТ5, ОХТ, магний, мыс, мұнай өнімдері болып табылады.

Жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары

2026 жылғы маусым айында Атырау облысының аумағында ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлары тіркелмеді.

Су объектілерінің сапасы жөніндегі ақпарат тұстамалар шегінде гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша 1-қосымшада көрсетілген.

Су объектілерінің сапасы жөніндегі ақпарат тұстамалар шегінде тосикологиялық көрсеткіштер бойынша 2-қосымшада көрсетілген.

Гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша жер үсті сулары сапасының жай-күйі

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай сыныптау бойынша келесідей бағаланады:

Су объектісінің атауы	Пантла және Букка бойынша сапробтық индекс бойынша су сапасының класы (Сладечек модификациясында)			Зообентос бойынша су сапасының сыныбы	
	фитопланктон бойынша	зоопланктон бойынша	перифитон бойынша	олигохеталардың жалпы санының төменгі организмдердің жалпы санына қатынасы, %	биотикалық индекс вудивис бойынша
Жайық өзені			3 сынып (1,65)		3 сынып (5,0)
Шаронов арнасы			3 сынып (1,80)		3 сынып (5,0)
Қиғаш өзені			3 сынып (1,71)		3 сынып (5,0)
Ембі өзені			3 сынып (1,80)		3 сынып (5,0)
Каспий теңізі			3 сынып (1,79)		3 сынып (5,0)

Жайық өзені. Перифитон. Перифитонның бұзылуында диатомдар басым болды. Диатомдар барлық қанаттарда кездеседі. Сапробтың орташа индексі-1,65. Орташа ластанған су.

Зообентос. Зообентос гастроподтармен қамтамасыз етілді. Вудивис бойынша биотикалық индекс-5 құрады. Су сыныбы - үшінші.

Биотестілеу. Биотестілеу деректері бойынша Жайық өзені бойынша тест-параметр бақылау нүктелерінің жүйелі орналасуында ұсынылды: Дамба кенті - 0%, Атырау қаласы "Атырау су арнасы" КМК төгіндісінен 0,5 км төмен - 0%, Индер кенті "су бекеті тұстамасында" - 0%. Алынған мәліметтер зерттелетін судың сынақ объектісіне уытты әсерінің жоқтығын көрсетеді.

Шаронов тармағы. Перифитон. Перифитонның түрлік құрамы диатомдармен ұсынылған. Сапробтық индексі 1,80 құрады. Судың сапасы-орташа ластанған сулар.

Зообентос. Бентос бойынша биотикалық индекс-5 құрады. Судың сапасы орташа ластанған сулардың 3 сыныбына сәйкес келді.

Биотестілеу. Сынақ объектісіне судың жіті уыттылығын анықтау процесінде ағындағы бақылауға (тест - параметр) қатысты өлген дафниялардың пайызы - 0%. Сынақ объектісіне уытты әсер анықталған жоқ.

Қиғаш өзені. Перифитон. Перифитонның түрлік құрамы диатомдармен ұсынылған. Сапробтық индексі 1,71 құрады. Судың сапасы-орташа ластанған сулар.

Зообентос. Бентос бойынша биотикалық индекс-5 құрады. Судың сапасы орташа ластанған сулардың 3 сыныбына сәйкес келді.

Биотестілеу. Қиғаш өзені бойынша биотестілеу барысында алынған деректер тест-объектіге уытты әсерінің жоқтығын көрсетті. Зерттелген суда тірі қалған дафниялардың саны 100% құрады. Тест параметрі-0%.

Ембі өзені. Перифитон. Бұл уақытта перифитон түрлері бай болмады. Диатомды және эвгленді балдырлар кездесті. Диатомдар арасында *Coscinodiscus* және *Navicula cryptocephala* кездесті. Сапроб индексі 1,80-ге тең. Су сыныбы үшінші, яғни орташа ластанған су.

Зообентос. Биотикалық индексі – 5. Ембі өзенінің зообентосын зерттеу нәтижелері бойынша су қоймасының түбі орташа ластанған деп бағаланды.

Биотестілеу. Сынақ объектісі үшін судың өткір уыттылығын анықтау процесінде өлшенген дафнияның ағымды бақылауға (сынақ параметріне) қатысты пайызы 0% құрайды. Сынақ объектісінде улы әсер табылған жоқ.

Каспий теңізі. Перифитон. Ластану альгоценозы диатомды балдырларға бай болды. Сапробтық индекстер 1,64-тен 2,01-ге дейін өзгерді. Каспий теңізінің 22 нүктесі бойынша сапробтылықтың орташа индексі 1,79 орташа ластанған суды құрады және 3-сынып шегінде қалды.

Зообентос. Бентос бойынша биотикалық индекс - 5 құрады. Судың сапасы 3 – сыныпқа сәйкес келді-орташа ластанған сулар.

Перифитон мен бентос бойынша судың сапасы орташа ластанған сулардың үшінші сыныбына жатады.

Биотестілеу Теңіз суларының сапасы Каспий теңізінің токсикологиялық көрсеткіштері бойынша тірі организмдерге жіті уытты әсер еткен жоқ. Каспий теңізінің тұстамаларындағы тест-параметр 0% - ды құрады.

5. Радиациялық жағдай

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық стансада (Атырау, Пешной, Құлсары) жүргізіледі. Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Атырау облысында метеорологиялық станцияда (Атырау) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды. Стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Көрсеткіштердің шекті мәндері





Көрсеткіш ШРШ	Максималды концентрация	Ең төменгі концентрация
Гамма-фон (0,57 мкЗв/ч)	0,14мкЗв/сағ	0,08 мкЗв/сағ
Тығыздық (110 Бк/м ²)	2,6 Бк/м ²	1,5 Бк/м ²

Облыс бойынша радиациялық гамма-фон орташа есеппен 0,10 мкЗв/сағ құрады, ал жауын-шашынның орташа түсу тығыздығы 1,8 Бк/м² болды, бұл шекті рұқсат етілген деңгейден аспайды.

Атырау облысы бойынша бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Бекеттердің мекен-жайы	Сынама мерзімі	Анықталатын қоспалар
№1	Самал, ықшам ауданы,. А. Кекильбаева15 көшесі	қол күшімен алынған сынама (дискреттік әдіс)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутегі, фенол, аммиак, формальдегид, бензол, толуол, этилбензол, ортоксилол (C ₂ H ₆)
№5	Құрсай ықшам ауданы, Қарабау көшесі 12		қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутегі, фенол, аммиак, формальдегид
№6	Жұлдыз ықшам ауданы 6-шы көше 29	әр 20 минут сайын үзіліссіз режимде	озон (жер үсті қабаты)
№8	Сырдария 3 ауданы		қалқыма бөлшектер РМ-10 және РМ-2,5, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді.
№9	Береке шағын ауданы, Береке өндірістік ауданы		Озон (жер үсті қабаты), көміртегі оксиді.
№11	Дамба ауылы, балық инспекциясының аумағы		күкірт диоксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, көміртегі оксиді
№12	Ақшагала ы.а., 2 көше, 1а үй		күкірт диоксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, көміртегі оксиді
№15	Ауэзова к-сі, 28А, "Мунайшы" стадионының аумағында		күкірт диоксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, көміртегі оксиді
№17	Самал ы.а., 7 көше, 42 үй		күкірт диоксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, көміртегі оксиді
№7	Құлсары қ. Махамбет Өтемісов көшесі, 37А		қалқыма бөлшектер (шаң), көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутегі, күкірт диоксиді
II9 №19	Құлсары қ., Өнеркәсіптік аймақ МГӨБ		күкірт диоксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, көміртегі оксиді
№1	Мақат ауылы, Мақат ауданының Мәдениет үйі, Алаш көшесі, 23		күкірт диоксиді, азот диоксиді, көміртегі оксиді
№1	Индер ауданы, Индербор кенті, Мәдениет үйі, Н. Меңдіғалиев көшесі 47		күкірт диоксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, көміртегі оксиді
№1	Жанбай кенті, Т.Нысанов көшесі 96 учаскесі		күкірт диоксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, көміртегі оксиді
№1	Құрманғазы (Ганюшкино) кенті, Құрманғазы ауданының		күкірт диоксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, көміртегі оксиді

	Мәдениет үйі, Абай көшесі, 50-үй		
Атырау қ.	3 сынама алу нүктелері	Жылжымалы зертхана тоқсан сайын 1 рет (10 күн ішінде)	қалқыма бөлшектер РМ-10 және РМ-2,5,көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірт диоксиді, күкірттісутегі, фенол, формальдегид, көмірсутектер(С12- С19), метан, ұшпа органикалық қосылыстар (ҰОҚ).



- қол күшімен сынама алу бекеті
- автоматты стационарлық бекет
- жылжымалы сынама алу нүктесі

Атырау облысының бақылау посттарының, экспедициялық нүктелердің орналасу картасы

2026 жылғы маусым айындағы тұстамалар бойынша Атырау облысының жер үсті суларының сапасы туралы ақпарат

Су объектісі және тұстама	Физика-химиялық параметрлердің сипаттамасы	
Жайық өз.	судың температурасы 16,4-17°C шегінде, сутегі көрсеткіші 7,42-7,71, суда еріген оттегі – 7,4-9мг/дм ³ , ОБТ5 –2-2,49 мг/дм ³ , мөлдірлігі-25 см, кермектілігі –3,06-4,24мг/дм ³	
өз. Индер ауд.	3 сынып	ОБТ5 –2,49мг/дм ³ Магний –27,9 мг/дм ³ Мыс – 0,0012 мг/дм ³ ОБТ5 нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды, магний, мыс концентрациясы асады.
АҚ «Казтрансойл» НПС Индер Жайық өзенінен 0,5 км жоғары	3 сынып	Магний –29,6мг/дм ³
АҚ «Казтрансойл» НПС Индер Жайық өзенінен 0,5 км төмен	3 сынып	ОБТ5 –2,14мг/дм ³ Магний –24,7мг/дм ³ Мыс – 0,0012мг/дм ³
с.Береке Жайық өзенінен 0,5 км жоғары	3 сынып	ОХТ –15,6мг/дм ³ Магний –21,2мг/дм ³
с.Береке Жайық өзенінен 0,5 км төмен	3 сынып	ОХТ –15,9мг/дм ³
Атырау қаласы, 1 км жоғары	3 сынып	ОХТ –16,5 мг/дм ³ Магний –22,4 мг/дм ³
Атырау қ, 0.5 км жоғары «Атырау су арнасы» КМК	3 сынып	ОБТ5 –2,43мг/дм ³ ОХТ –16 мг/дм ³ Магний – 21,4мг/дм ³ Мыс – 0,0014мг/дм ³
Атырау қ, 0.5 км төмен «Атырау су арнасы» КМК	3 сынып	ОБТ5 – 2,33мг/дм ³ ОХТ – 15,7мг/дм ³ Магний – 21,2мг/дм ³ Мыс – 0,0012мг/дм ³
Атырау қаласы, 1 км төмен	3 сынып	ОБТ5 – 2,39мг/дм ³ ОХТ – 16,8мг/дм ³ Магний – 23,8мг/дм ³
"Орал-Атырау бекіре зауыты" РМҚК тасталуынан 3 км төмен Курилкино	3 сынып	ОБТ5 – 2,29 мг/дм ³ Магний – 20,2мг/дм ³ Мыс – 0,0013мг/дм ³
«Орал-Атырау бекіре зауыты» РМҚК тасталуынан 0,5 км жоғары Курилкино	3 сынып	ОБТ5 – 2,41мг/дм ³ ОХТ – 15,5мг/дм ³ Мыс – 0,0011мг/дм ³
Дамба кенті	3 сынып	ОБТ5 –2,18 мг/дм ³ ОХТ – 15,5мг/дм ³ Магний – 24,1мг/дм ³ Мыс – 0,0011мг/дм ³ ОБТ5, ОХТ, магний нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды, мыс концентрациясы асады.
Перетаска тармағы	судың температурасы 17-20,5°C шегінде, сутегі көрсеткіші 7,61-7,85, суда ерітілген оттегі – 8,4-9мг/дм ³ , ОБТ5 –2,19-2,68 мг/дм ³ , мөлдірлігі – 25 см, кермектілігі – 3,16-3,48 мг/дм ³	

Ағыстың тармақталуынан 0,5 км төмен Перетаска	3 сынып	ОБТ5 – 2,19 мг/дм ³ Магний – 23,6мг/дм ³ Мыс – 0,0014мг/дм ³
Атырау қ., "Атырау ЖЭО" АҚ тасталуынан 2 км жоғары»	3 сынып	ОБТ5 – 2,68 мг/дм ³ ОХТ – 15,7 мг/дм ³ Магний – 24,1 мг/дм ³
Атырау қ., "Атырау ЖЭО" АҚ тасталуынан 2 км төмен»	3 сынып	ОБТ5 – 2,28 мг/дм ³ ОХТ – 17,1 мг/дм ³ Магний – 20,2 мг/дм ³ Мыс – 0,0011мг/дм ³
Яик тармағы	судың температурасы 16,5-16,8°С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,56-7,66, суда еріген оттегі – 8,7-9,4мг/дм ³ , ОБТ5 –2,19-2,47мг/дм ³ , мөлдірлігі- 25см, кермектілігі – 3,14-3,44 мг/дм ³	
Ракуша с. Яик ағысының тармақталуынан 0,5 км төмен	3 сынып	ОБТ5 – 2,47 мг/дм ³
Еркінқала ауылы, "Атырау бекіре балық өсіру зауыты" РМҚК тасталуынан 0,5 км жоғары»	3 сынып	ОБТ5 – 2,19 мг/дм ³ ОХТ – 15,9 мг/дм ³ Магний – 21,4мг/дм ³ Мыс – 0,0013мг/дм ³
Еркінқала ауылы, "Атырау бекіре балық өсіру зауыты" РМҚК тасталуынан 0,5 км төмен»	3 сынып	ОБТ5 – 2,44 мг/дм ³ ОХТ – 15,6мг/дм ³ Магний – 23,6мг/дм ³ Мыс – 0,0014мг/дм ³
Шаронова тармағы	судың температурасы 16,5°С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,42, суда еріген оттегі – 8,4 мг/дм ³ , ОБТ5 – 2,01 мг/дм ³ , мөлдірлігі-25см, кермектілігі – 3,06 мг/дм ³	
аул.Ганюшкино, су бекетінің тұсы	3 сынып	Мыс – 0,0012 мг/дм ³ Мұнай өнімдері – 0,076 мг/дм ³ Мыс пен мұнай өнімдерінің нақты концентрациясы фондық сыныптан асады.
Қиғаш өзені	судың температурасы 16,2°С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,52, суда еріген оттегі – 8,1 мг/дм ³ , ОБТ5 -2,24 мг/дм ³ , мөлдірлігі-30см, түстілігі-20 градус, кермектілігі – 4,1 мг/дм ³	
аул.Котяевка, су бекетінің тұсы	3 сынып	ОБТ5 – 2,24 мг/дм ³ Магний – 21,8 мг/дм ³ Мыс – 0,0014 мг/дм ³ Мұнай өнімдері – 0,043 мг/дм ³ ОБТ5, магнийдің нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды, мыс пен мұнай өнімдері асады
Ембі өзені	судың температурасы 19,5°С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,55 суда еріген оттегі-7,8 мг/дм ³ , ОБТ5 -2,67 мг/дм ³ , мөлдірлігі-25см, кермектілігі- 3,48 мг/дм ³	
аул.Ақкызтоғай, су бекетінің тұсы	3 сынып	ОБТ5– 2,67 мг/дм ³ Магний – 24,05мг/дм ³ Магний нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды, ОБТ5 асады.
Солтүстік Каспий	судың температурасы 18,5-19,8°С шегінде, теңіз суы сутегі көрсеткіші -8,32-8,5 суда еріген оттегі – 7,4-9,7мг/дм ³ , ОБТ5 – 2,03-2,91мг/дм ³ , мөлдірлігі – 30-34 см, ОХТ – 11,5-40мг/дм ³ , қалқыма заттар -19-35мг/дм ³ , минерализация – 480,5-7728,2мг/дм ³	

Атырау облысының аумағындағы Каспий теңізінің теңіз сулары сапасының нәтижелері

	Ингредиенттердің атауы	Өлшем бірлігі	Маусым, 2026 ж
			Солтүстік Каспий
1	Көзбен шолу		
2	Температура	°C	19,45
3	Сутегі көрсеткіші		8,40
4	Еріген оттегі	мг/дм ³	8,60
5	Мөлдірлігі	см	30,5
6	Қалқыма заттар	мг/дм ³	25,91
7	ОБТ5	мг/дм ³	2,50
8	ОХТ	мг/дм ³	29,90
9	Гидрокарбонаттар	мг/дм ³	33,4
10	Кермектігі	мг/дм ³	10,6
11	Минерализация	мг/дм ³	2310,0
12	Натрий	мг/дм ³	79,2
13	Калий	мг/дм ³	37,6
14	Құрғақ қалдық	мг/дм ³	2331,0
15	Кальций	мг/дм ³	61,2
16	Магний	мг/дм ³	92,1
17	Сульфаттар	мг/дм ³	380,8
18	Хлоридтер	мг/дм ³	1624,4
19	Фосфаттар	мг/дм ³	0,014
20	Жалпы фосфор	мг/дм ³	0,035
21	Нитритті азот	мг/дм ³	0,041
22	Нитратты азот	мг/дм ³	3,559
23	Жалпы темір	мг/дм ³	0,037
24	Тұзды аммоний	мг/дм ³	0,279
25	Қорғасын	мг/дм ³	0,001
26	Мыс	мг/дм ³	0,001
27	Мырыш	мг/дм ³	0,001
28	Жалпы хром	мг/дм ³	0,001
29	Хром (6+)	мг/дм ³	0,001
30	АББЗ /СББЗ	мг/дм ³	0,027
31	Фенолдар	мг/дм ³	0,0005
32	Мұнай өнімдері	мг/дм ³	0,121
33	Бор	мг/дм ³	0,266
34	альфа -ГХЦГ	мкг/дм ³	0,0
35	гамма-ГХЦГ	мкг/дм ³	0,0
36	4,4-ДДЕ	мкг/дм ³	0,0
37	4,4-ДДТ	мкг/дм ³	0,0

Атырау облысының жер үсті мен теңіз суларының сапасының гидробиологиялық көрсеткіштері (уыттылық) жөнінде ақпарат

№	Су объектісі	Бақылау нүктесі	Бағдарлау нүктесі	Сапроб индексі		Су сапасы	Биотестілеу	
				Пери фитон	бентос		Сынақ параметрі, %	Суды бағалау
1	Жайық өзені	Дамба кенті		1,70	5	3	0%	
2		Индер ауданы	су бекетінің жармасында	1,65	5	3	0%	
3		Атырау қаласы	«Атырау Су арнасы» КМК тастандыдан 0,5 км төмен	1,61	5	3	0%	
4	Шаронов арнасы	Ганюшкино селосы	су бекетінің жармасында	1,80	5	3	0%	
5	Кигаш өзені	Котяевка селосы	су бекетінің жармасында	1,71	5	3	0%	
6	Ембі өзені	Аккызтоғай селосы	Гидропост	1,80	5	3	0%	
7	Каспий теңізі	Теңіз кеме қатынасы арнасы	1 ст. кеме қатынасы каналынан 1 км төмен 46°55'11.85"C 51°40'22.69"B	1,78	5	3	0%	Уытты әсер жоқ
8		Теңіз кеме қатынасы арнасы	2 ст. кеме қатынасы каналынан 6 км төмен 46°50'49.59"C 51°33'38.63"B	1,83	5	3	0%	
9		Жайық өзені	46°48'6.71"C 51°29'38.55"B	1,75	5	3	0%	
10			46°52'34.05"C 51°27'39.87"B	1,64	5	3	0%	
11			46°56'8.07"C 51°23'30.54"B	1,85	5	3	0%	
12			46°54'20.02"C 51°17'18.97"B	1,73	5	3	0%	
13			46°53'5.79"C 51°8'23.56"B	1,90	5	3	0%	
14		Волга өзені	46°22'24.57"C 49°12'47.38"B	1,88	5	3	0%	
15			46°15'52.46"C 49°21'16.40"B	1,70	5	3	0%	
16			46°13'7.94"C 49°26'54.14"B	1,68	5	3	0%	
17			46°10'30.78"C 49°33'14.54"B	2,01	5	3	0%	
18			46°11'30.98"C 49°36'2.32"B	1,74	5	3	0%	
19		Жанбай кенті	46°55'46.69"C 50°47'7.10"B	1,78	5	3	0%	
20			46°55'24.34"C	1,71	5	3	0%	

			50°46'49.64"B					
21			46°55'2.11"C 50°46'43.50"B	1,84	5	3	0%	
22			46°54'32.22"C 50°46'36.09"B	1,76	5	3	0%	
23			46°53'58.51"C 50° 46'14.87"B	1,93	5	3	0%	
24		Шалыги шығанағы аралдары	46°48'25.94"C 51°34'54.08"B	1,99	5	3	0%	
25			46°49'26.90"C 51°37'4.85"B	1,69	5	3	0%	
26			46°48'52.15"C 51°39'41.97"B	1,73	5	3	0%	
27			46°47'1.30"C 51°42'11.94"B	1,77	5	3	0%	
28			46°44'2.87"C 51°43'0.92"B	1,79	5	3	0%	

Анықтамалық бөлім

Елді –мекен ауасындағы ластаушы заттардың шекті жол берілген шоғырлары
(ШЖШ)

Наименование примесей	ШЖШ мәні, мг/м ³		Қауіптілік классы
	Максималды бір ретті (ШЖШ _{м.б.})	Орта-тәуліктік (ШЖШ _{о.т.})	
Азот диоксиді	0,2	0,04	2
Азот оксиді	0,4	0,06	3
Аммиак	0,2	0,04	4
Бенз/а/пирен	-	0,1 мкг/100 м ³	1
Бензол	0,3	0,1	2
Берилий	0,09	0,00001	1
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,5	0,15	3
PM 10 қалқыма бөлшектері	0,3	0,06	
PM 2,5 қалқыма бөлшектері	0,16	0,035	
Хлорлы сутек	0,2	0,1	2
Кадмий	-	0,0003	1
Кобальт	-	0,001	2
Марганец	0,01	0,001	2
Мыс	-	0,002	2
Күшән	-	0,0003	2
Озон	0,16	0,03	1
Қорғасын	0,001	0,0003	1
Күкірт диоксиді	0,5	0,05	3
Күкірт қышқылы	0,3	0,1	2
Күкіртесутегі	0,008	-	2
Көміртегі оксиді	5,0	3	4
Фенол	0,01	0,003	2
Формальдегид	0,05	0,01	2
Фторлы сутек	0,02	0,005	2
Хлор	0,1	0,03	2
Хром (VI)	-	0,0015	1
Мырыш	-	0,05	3

«Қалалық және ауылдық елді-мекендердегі атмосфералық ауаға қойылатын гигиеналық нормативтер» (2022 жылғы 2 тамыз №ҚР ДСМ-70 СанЕН)

Атмосфераның ластану индексінің дәрежесін бағалау

Градациялар	Атмосфералық ауаның ластануы	көрсеткіштер	Айға бағалау
I	Төмен	СИ ЕЖҚ, %	0-1 0
II	Көтеріңкі	СИ ЕЖҚ, %	2-4 1-19
III	Жоғары	СИ ЕЖҚ, %	5-10 20-49
IV	Өте жоғары	СИ ЕЖҚ, %	>10 >50

Мемлекеттік органдарды тұрғындар қоғамдастырған ақпараттандыру үшін қалалардың атмосфера ластануының жай-күйі жөніндегі құжат 52.04.667-2005 БҚ. Әзірлеуге, салуға баяндауға және мазмұндауға қойылатын жалпы талаптар.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ ДЕПАРТАМЕНТІ
РМК «КАЗГИДРОМЕТ» АТЫРАУ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
МЕКЕН-ЖАЙ:
АТЫРАУ ҚАЛАСЫ
ТАЛҒАТ БИГЕЛЬДИНОВА 10А
ТЕЛ. 8-(7122)-52-20-96

E MAIL: INFO_ATR@METEO.KZ